

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы.

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 7 қыркүйектегі N 255 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Ақсу ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 28 қыркүйекте N 2-4-92 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 наурыздағы N 121 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2010.03.31 N 121 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19 бабының 3 тармағына, 20 бабының 1 тармағына, 23 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 779 Жарлығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Поселкелік, ауылдық округтерінің әкімдері 2009 жылдың қазан-желтоқсан айларында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың әскери басқару органдарына шақырылғаны туралы хабардар етілуін және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

2. Ақсу ауданының әскерге шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. 2009 жылдың қазан - желтоқсан айларында шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу "Алматы облысы Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

5. "Ақсу ауданының орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық

кәсіпорны Жұмагелдин Әшімғали Құсайынұлы (келісім бойынша):

1) аудандық шақыру комиссиясын білікті дәрігер мамандармен және орта буын медициналық қызметшілермен жасақтасын;

2) шақырылушыларды әдістемелік - нұсқаулықтар талаптарына сәйкес дәрігерлік іріктелуін жүзеге асырсын;

3) шақырылушыларды жұқтырылған қорғаныш тапшылығы, адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы белгілерін анықтауды ақысыз тексеруден өткізуді қамтамасыз етсін.

6. "Ақсу аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Шырғайбаева Гүлфайраз Жабайханқызы мерзімді әскери қызметке шақыруға байланысты жұмыстарды қаржылай қамтамасыз етілуін ұйымдастырсын.

7. "Ақсу ауданы ішкі істері бөлімі" мекемесі Сансызбаев Ерлан Қанатайұлы (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарып жүрген жастарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асырсын.

8. Аудандық Әділет басқармасында 2008 жылдың 4 сәуірдегі 2-4-67 нөмірімен мемлекеттік тіркеуден өткен, аудандық "Ақсу өңірі" газетінің 2008 жылғы 1 мамырдағы N 18-19 санында жарияланған, аудан әкімдігінің 2009 жылғы 20 ақпандағы "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына мерзімді әскери қызметке 2008 жылдың сәуір - маусым және қазан - желтоқсан айларында 1981-1990 жылдары туылған азаматтарды кезекті шақыру туралы" N 43 қаулысымен күші жойылды.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қорғанбаев Сәбит Бейсебекұлына жүктелсін.

10. Осы қаулы ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Ә. Дүйсембаев	
Ақсу ауданы әкімдігінің	2009 жылғы	
7 қыркүйектегі	"Қазақстан	
Республикасының	азаматтарын	2009
жылдың қазан	–	желтоқсанында
кезекті	мерзімді	әскери
қызметке	шақырылуын	жүргізуді
ұйымдастырып,	қамтамасыз	ету
туралы "	N 255	қаулысына
1 қосымша		

Ақсу ауданының әскерге шақыру комиссиясының құрамы

14	Құрақсу	50							38						12		
15	Молалы	9									9						
16	Матай	28									28						
17	Суықсай	35									35						
19	Жансүгіров	138	42						10		20					42	24
	Барлығы	650	42	45	44	47	45	47	48	49	48	44	42	42	41	42	24

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК